

Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 119-20 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2009 жылдың 8 қаңтарында N 2-2-73 тіркелді. Күші жойылды - Қапшағай қалалық мәслихатының 2009 жылғы 17 маусымдағы N 151-27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қапшағай қалалық мәслихатының 2009 жылғы 17 маусымдағы N 151-27 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін Қапшағай аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық ставкалары 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Қапшағай қалалық мәслихатының 2009.02.18 № 132-23 шешімімен.

Қалалық Мәслихат
сессиясының төрағасы *Василий Васильевич Казначеев*

Қалалық Мәслихаттың
хатшысы *Қайрат Нұраханұлы Ахметтаев*

"Тіркелген салық ставкаларын бекіту туралы" Қапшағай қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 119-20 шешімімен бекітілген қосымша

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	
-------	-------------------------------	--

		Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	4
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	6
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	25
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	12

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК